



ПРИОЗЕРСКИЙ

№ 46/431
20 ноября 2015 года

Вестник

газета издается с 26.06.2004 года

28-қараша – Жүмекен Нәжімеденовтің туғанына 80

События в стране

ЖҮРЕГІ ЖЫРДАН ЖАРАЛҒАН

Жүрегі «қазағым» - деп соккан жұрттың арасында Жүмекен ақынды білмейтін адам жоқ шығар, сірә?! Жүрегі жырдан жаралып, небәрі 21 жасында жазылған «Менің Қазақстаным» әні болашақта ұлтының әнұранына айналарын көргендіктен сезген ақынның соңында өлеңде де, қарасөзде де мол мұрасы қалды. Сегіз қырлы, бір сырлы болып, қысқа ғұмыр кешкен оның есімі ақындық жолға көбірек арналғанын жазған шығармаларынан аңғарамыз...



Сексенінші жылдардың бас кезінде біздің Тамдыда шығармашылық іссапарда болған Жүмекен ақынның бір топ өлеңдерін аудандық газеттен оқып, содан бастап оның өлеңдеріне көңілім шын ауган еді. Одан кейін жыр жинақтарын кітапханалардан іздеп жүріп, Алматыдан пошта арқылы алдырып оқитын болдык. Ол өлең өлкесіне өзіндік мәнерімен, жазу ерекшелігімен келді және жас кезінен-ақ оқырманның сүйікті ақынына айналды. Өлеңдеріне әндер жазылып, радиодан жиі беріліп тұратын...

Жалқы досым, келсе мені шын ұққың: менің дағы көп мінім бар, жаным бар. Көкірегімнен көре қалсаң бір ұшқын үрлендер де маздатқыңдар, жағыңдар. Бұл күйбеңмен өтер екен жыл қанша, ұшамын деп ойламаймын желіне. Ал, егерде кеудем толы күл болса сол күлдей ғып өшіріңдер мені де. Мен өзімді байлай алам қатерге, сол қатерді жеңемін де ендеше. Бар айтарым: арзан атақ әперме, өзің де арзан, досым, болғың келмесе... - деп толғаған осы қысқа жырда қаншама мән-мағына жатыр десенші?!

Небәрі 48 жас ғұмыр кешкен ақынның өмірбаяны тым ұзақ және маңызды өмір кешкенінен дерек береді. 1935-жылы 28-қарашада бүгінгі Атырау облысы, қазіргі Тенгіз ауданының Қошалақ ауылындағы Ашақ қонысында дүниеге келген Жүмекен, атасы Нәжімеден Стамғазиевтің бауырында өсіп, тәрбие алған. Сөз бен тарих және туған халқының дәстүрлеріне деген ыстық сүйіспеншілік сезімді бала бойында қалыптастырған сол кісі – немересіне толыққанды рухани азықты сіңіре білген. Қара домбыраны үйретіп қана қоймай, күйшілік дәстүрдің қыры мен сырына қанықтырған. 1956-1959-ж.ж. Қазақ Мемлекеттік консерваториясының халық аспаптар факультетінде оқып, кейіншелік КСРО Жазушылар

одағының Жоғары әдебиет курсына тәмамдаған.

1959-74-жылдары «Жазушы» баспасында редактор, қазіргі «Жас алаш» газетінде бөлім меңгерушісі, Қазақстан Жазушылар одағында әдеби кеңесші, 1974-78-жылдары ҚазКСР Баспа, полиграфия және кітап саудасы істері жөніндегі мемлекеттік комитетінде редактор, 1978-83-жылдары қазіргі «Рауан» баспасында бөлім меңгерушісі болып қызмет атқарған.

Жүмекен Нәжімеденовтің алғашқы тырнақалды тұңғыш жинағы «Балауса» 1961-жылы, 24 жасында жарық көрді. 1965-жылы «Жоқ, ұмытуға болмайды» поэмалар жинағы, 1966- жылы «Жарық пен жылу», 1967-жылы «Күй кітабы», 1968-жылы «Мезгіл әуендері», 1970- жылы «Ұлым, саған айтам», 1977-жылы «Жеті бояу», 1980-жылы «Шуақ», 1981-жылы «Ашық аспан», 1985-жылы «Менің топырағым», 1988-жылы «Ұрпағым, саған айтам» атты поэзиялық жинақтары шықты. Шығармаларында негізінен Ұлы Отан соғысынан кейінгі ауыл өмірі, ел тіршілігі, жастар өмірі суреттеледі. 1973-жылы «Ақ шағылдар», 1975-жылы «Кішкентай», 1977-жылы өнер адамдары жайлы жазылған «Даңқ пен дақпырт» романдары жарық көрді. Оның шығармалары алыс және таяу шетел халықтары тілдеріне аударылып, басылған. Ақын А.Вознесенскийдің, Е.Евтушенконың, Н.Хикмет пен Э.Файзи шығармаларын аударған. Жүмекен Нәжімеденов өзінің 48 жасқа толуына алты күн қалғанда, 1983-жылдың 22-қарашасында дүниеден озды. Ақын өлімінен кейін жарық көрген он жинағына тірі кезінде жарияланбаған өлеңдері, поэмалары, повестері мен романдары, мақалалары мен аудармалары және тоғыз күй енді.

Елуінші жылдардың екінші жартысында, алпысыншы жылдардың басында Жүмекеннің өлеңдері республикалық баспасөзде жиі жарияланып жүрді. Алпысыншы жылдардан бастап өлеңдері мен шығармалары, үш романы, аударма кітаптары «Жазушы», «Жалын» баспаларынан жарық көрді. 1967-жылы «Жоқ, ұмытуға болмайды!» атты поэмасы үшін Қазақстан Ленин комсомолы сыйлығының лауреаты атанды. Болмысына ерекше дарын мен ақындық қасиет Алла-таһаладан мейлінше дарыған ақынның өз ұлты мен халқына беретіні әлі де көп болатын. Ол толысқан, ақыл-парасаттың кісілік мінберіне мінген, нағыз шығармашылық еңбекпен айналысатын шағында сұм ажалдың құрығына ілікті. Кейбір жылдары кітаптары баспадан жыл сайын шығып тұрғанда өндіре жазған Жүмекен өзінің ұзақ жасамайтынын біліп, бар бойындағы асыл өнердің туындыларын қазақ жұртына барынша қалдырып кетуге асықты ма екен деген ой туады маған. Жүрегі мен санасына ұялаған жауһар жырлар қанша тез жазылса да, қазір оқыған кісі бір өлеңінен зәредей мін таппасы анық!.. Тірі болып, қазір арамьзда жүрген аяулы ақынымыздың 80 жасқа тоған мерейтойын бірге тойлып, қуаныш-мерейіне ортақтасар ма едік?! Тағдырға амал бар ма, ол күнді жазбаса да, қазақ жұрты барда Жүмекендей өнер иесінің есімі ел жадынан шықпасы анық!

Нұрғали ҚАРАБЕКТЕГІ,
ақын

РАСШИРЕННОЕ ЗАСЕДАНИЕ ПОД ПРЕДСЕДАТЕЛЬСТВОМ ГЛАВЫ ГОСУДАРСТВА

Астана. 18 ноября 2015 года.
Расширенное заседание Правительства РК прошло под председательством Главы государства - Н.А.Назарбаева. На заседании были рассмотрены итоги социально-экономического развития за 10 месяцев текущего года, реализации индустриально-инновационной программы, а также выполнения поручений по трансформации АО «ФНБ «Самрук-Казына».

Глава государства отметил, что в сложившихся экономических реалиях важно находить возможности для адаптации и дальнейшего развития.

-На сегодня государственные расходы сокращены на 1,5 трлн тенге, при этом сделано это было безболезненно. Несмотря на сложности с доходной частью бюджета, своевременно выполняются социальные гарантии со стороны государства. Это очень важно, - сказал Президент Казахстана.

Нурсултан Назарбаев подчеркнул, что Правительством совместно с Парламентом проведена большая законодотворческая работа в рамках Плана нации «100 конкретных шагов», в результате чего к 1 января 2016 года будет обеспечена законодательная основа реализации всех институциональных реформ.

Глава государства обратил внимание, что в условиях замедления роста мировой экономики, снижения спроса и цен на основные сырьевые товары, а также в связи с переходом к свободно плавающему курсу тенге возникает необходимость принятия системных и оперативных мер антикризисного характера.

В частности, Президент Казахстана отметил, что кризис, наряду с негативными последствиями, дает новые возможности для реструктуризации отечественной экономики, повышения ее конкурентоспособности.

-Пришло время, когда выживать должны сильнейшие компании, подтвердившие свою конкурентоспособность. Остальные должны уйти, а им на смену придут новые управленцы, приносящие с собой современный менеджмент, новые маркетинговые стратегии, новых специалистов. Эти процессы должны быть четко регламентированы и иметь прозрачную законодательную основу, - сказал Глава государства.

Нурсултан Назарбаев сообщил, что Парламентом приняты поправки в законодательство о реабилитации и банкротстве, улучшающие механизмы смены собственника и защиты от кредиторов.

-Данным документом заложена новая система урегулирования неплатежеспособности, когда должник и кредитор совместно решают вопросы реструктуризации долга с целью финансового оздоровления предприятия. Процесс банкротства – это не крах, а просто выход на новый уровень развития предприятия. Здесь нужна вдумчивая и кропотливая работа, включая подробное разъяснение плюсов и минусов данного процесса, - сказал Президент Казахстана.

Глава государства указал на недостаточные темпы второй «волны» приватизации.

-С начала запуска этой акции в конкурентную среду передано лишь 213 объектов. По моему поручению Правительством кардинально пересмотрены подходы к разгосударствлению и приватизации, которые нашли отражение в новом законопроекте, рассматриваемом сегодня в Парламенте. Поручаю Правительству утвердить приоритетный перечень объектов приватизации, включающий 65 наиболее крупных предприятий республиканской собственности и национальных, а также 182 дочерних организаций фонда «Самрук-Казына», и приступить к его немедленной реализации. При этом необходимо не просто передавать объекты на приватизацию, а обеспечить их предпродажную подготовку, - сказал Нурсултан Назарбаев.

Президент Казахстана обратил внимание на недостаточные объемы легализации, с начала объявления которой легализовано имущество



всего на 388,5 млрд тенге.

-Приватизация и легализация – путь к развитию новой плеяды бизнесменов. В этой связи обращаясь к состоятельным людям принять участие в данных акциях. Важно, чтобы в приватизации участвовали казахстанские компании. Легализация – последний акт перед всеобщим декларированием доходов и расходов, которое начнется с государственных служащих и будет распространено на всех граждан. На сегодня созданы более благоприятные условия для легализации имущества. Теперь Правительству необходимо в кратчайшие сроки принять все подзаконные акты и совместно с акимами начинать эффективно их реализовывать, - сказал Глава государства.

Нурсултан Назарбаев подчеркнул, что различные формы государственно-частного партнерства должны использоваться во всех сферах экономики и стать основным механизмом развития инфраструктуры, в том числе социальной.

Президент Казахстана отметил, что реализуемые в стране программы индустриально-инновационного развития и «Нурлы жол» оказывают большое влияние на развитие промышленности и инфраструктуры.

-В рамках «Нурлы жол» только на строительстве автомобильных магистралей задействовано порядка 70 тысяч человек. Также реализуется ряд социально значимых мероприятий. Необходимо своевременно и эффективно осваивать выделенные в рамках программы средства, - сказал Глава государства.

Нурсултан Назарбаев обратил внимание, что с учетом текущих реалий необходима актуализация второй пятилетки индустриализации.

-Инвестиционная активность и спрос снижаются, а конкуренция только ужесточается. Поэтому при актуализации индустриально-инновационной программы необходимо сконцентрироваться на повышении производительности и эффективности, отойти от поддержки малопродуктивных отраслей и выбрать только перспективные, ориентированные, прежде всего, на экспорт, - сказал Президент Казахстана.

Нурсултан Назарбаев отметил, что в непростых условиях Правительство и акимы регионов должны изыскать резервы для стимулирования экономического роста, поддержки занятости и доходов населения.

-Сегодня мы наблюдаем рост цен на многие виды социально значимых товаров. В этой связи Правительству и акимам надо активизировать работу по мониторингу за ценами товаров первой необходимости и, если понадобится, - обеспечить поддержку уязвимых слоев населения через адресную социальную помощь, - сказал Глава государства.

В то же время Президент Казахстана обратил внимание, что сдерживание цен не должно превратиться в инструмент давления на бизнес, ухудшая деловой климат.

Глава государства подчеркнул, что по всем направлениям требуется результативная работа.

-Для нас наступила новая реальность, когда за нашими делами стоят конкретные результаты, конкретная отдача и конкретные блага для общества. Именно так будет оцениваться деятельность каждого члена Правительства и каждого работника. Пришло время действий, реформ и перехода на новый уклад экономики нашей страны, - сказал Президент Казахстана.

источник: www.akorda.kz

СЛУЖБА ЦЕНТРАЛЬНЫХ КОММУНИКАЦИЙ ИНФОРМИРУЕТ

ОБРАБАТЫВАЮЩАЯ ПРОМЫШЛЕННОСТЬ – ЛОКОМОТИВ КАЗАХСТАНСКОЙ ЭКОНОМИКИ

Благодаря мерам государственной поддержки обрабатывающая промышленность стала локомотивом отечественной экономики. За годы реализации Программы индустриализации в этом секторе удалось достичь заметных результатов. Анализ итогов за 10 месяцев текущего года продемонстрировал, что именно обрабатывающая промышленность устойчивее других секторов экономики.

По сравнению с аналогичным периодом прошлого года, проекты Карты показали рост обрабатывающей промышленности на 14%, в то время как традиционные предприятия обрабатывающей промышленности показали спад на 9%.

ПРОГРАММА «НҰРЛЫ ЖОЛ» ОКАЗЫВАЕТ МУЛЬТИПЛИКАТИВНЫЙ ЭФФЕКТ НА ВСЮ ЭКОНОМИКУ КАЗАХСТАНА

В рамках государственной программы «Нұрлы жол» ведется широкомасштабная реализация инфраструктурных проектов, которая имеет антикризисный характер, создает дополнительные рабочие места и оказывает мультипликативный эффект на экономику нашей страны.

Главная задача программы – создать мощную транспортную инфраструктуру, которая позволит привлечь новых инвесторов и сделать из Казахстана региональный транзитно-логистический хаб путем развития мультимодального транспортного коридора «Евразийский трансконтинентальный коридор».

Для достижения этой цели продолжается формирование западных и восточных ворот

Таим образом, новые производства, введенные в эксплуатацию в рамках Карты индустриализации, оказались эффективнее других предприятий в 14 из 16 регионов страны.

Доля проектов Карты в обрабатывающей промышленности составила порядка 15% (рост за год на 2,8 процентных пункта).

По итогам 2015 года по ряду курируемых отраслей ожидается сохранение объемов производства на уровне 2014 года (добыча металлических руд, фармацевтика – 100%) и планируется положительная динамика (металлургия – 115%, химия – 102%, стройматериалы – 103%).

В июле 2015 года открылась первая очередь сухого порта на территории СЭЗ «Хоргос - Восточные ворота» и на сегодня уже обработано более 90 железнодорожных составов. Также завершается расширение порта Актау в северном направлении и ведутся работы по строительству паромного комплекса Курык.

Помимо этого, для развития автодорожной отрасли программой «Нұрлы жол» предусмотрена реализация 11 проектов до 2020 года. В текущем году на развитие автомобильных дорог республиканского значения выделены 302,2 млрд.тенге, из которых 178 млрд.тенге средства Национального фонда.

КЧС МВД РК - ГОТОВНОСТЬ К ЗИМНЕМУ ПЕРИОДУ “ПОВЫШЕННАЯ”

18 ноября в Службе центральных коммуникаций при Президенте Республики Казахстан состоялся брифинг с участием **Председателя Комитета по чрезвычайным ситуациям Министерства внутренних дел РК генерал-майором Петровым В.В.** на тему: «О готовности подразделений Комитета по ЧС МВД РК к ликвидации чрезвычайных ситуаций зимнего периода».

«По прогнозу РГП «Казгидромет» в ноябре и декабре т.г. циклоны вызовут обильные снегопады с метелями, в третьей декаде декабря и январе 2016 года ожидается усиление морозов: на юге, юго-востоке и западе страны до минус 27-37°C, местами на западе до минус 42°C, на севере, востоке и в центре до минус 36-46°C. Февраль будет характеризоваться умеренными снегопадами и сильными ветрами, чередующимися с морозами. Сложные метеорологические условия зим прошлых лет показывают всю важность и необходимость тщательной подготовки всех служб экстренного реагирования», - сообщил Председатель Комитета

по ЧС.

Для безопасного прохождения зимнего периода спасательные силы и средства, включая воздушные суда и специальную технику повышенной проходимости, находятся в режиме повышенной готовности. Ежедневно на боевое дежурство заступают свыше 4 200 спасателей и более 1000 единиц спасательной техники.

Совместными действиями центральных и местных исполнительных органов на транспортных магистралях определены 1439 снеготаносимых участков, на которых установлены 12 397 снеготаносимых щитов и 269 световых табло, на спуски и подъемы завезено более 80 тысяч кубов противогололедных материалов. На республиканских автодорогах действуют 949 пунктов обогрева.

Спасателями оперативно-спасательных отрядов ежедневно осуществляется контроль за ледообразованием на водоемах, представляющих опасность в зимний период.

ТЕНГЕ ДОСТИГЛО РАВНОВЕСНОГО КУРСА

Текущий уровень обменного курса соответствует сложившимся в настоящее время внешним экономическим факторам, заявил в ходе пресс-конференции в Службе центральных коммуникаций **председатель Национального банка РК Данияр Акишев.**

«Нынешний курс тенге соответствует мировой цене на нефть, курсу российского рубля, ситуации в экономиках России и Китая. Кроме того, достигнут паритет реального курса тенге к

российскому рублю, который был в начале 2014 года до падения цен на энергоресурсы и девальвации рубля», - подчеркнул глава финансового регулятора.

В этой связи Национальный банк оценивает вероятность существенного изменения фундаментальных факторов, влияющих на формирование обменного курса тенге как низкую. Другими словами, вероятность снижения курса национальной валюты так же низка.

«АЙНАЛАЙЫН» БӨБЕКЖАЙЫНА 10 ТОЛДЫ

Үстіміздегі жылдың 18 – қарашасында, яғни сәрсенбінің сәтті күні, қаламызда бөбектерді қазақ тілінде тәрбиелеу бағытында ең алғашқы ашылған «Айналайын» бөбекжайы өзінің 10 жылдық мерей тойын тойлап өтті. Тойға арнайы шақырылған қалалық мекеме мен ұйымдардың басшылары мен БАҚ өкілдері бөбекжайдың кон-



церт залына орналасқаннан кейін, көп құтқирмей арнайы мерейтойлық бағдарлама да басталып кетті. Бөбекжайдың өмірі мен осы күнге дейінгі қол жеткізген жетістіктері жайында бөбекжай директоры, жоғары деңгейдегі біліктілік санатты ұстаз Құлмағанбетова Айтқұл Жеңісқызы баяндап өтті. 2005 жылдың 24 қазанында ашылған «Айналайын» бөбекжайы Приозерск қаласының тарихындағы оқу тәрбие үрдісі мемлекеттік тілде жүргізілетін алғашқы мектепке дейінгі мекеме.

Қызмет ету бағыты бойынша жалпы дамыту үлгісіндегі бөбекжай. «Айналайын» бөбекжайы 140 орынға арналған. Барлығы 6 топ құрылған.

Бақшада 43 адам қызмет етеді. Оның 21 - і педагогмамандар. Балабақша толығынан қазіргі заманғы талабына сай жаңа құрал-жабдықтармен, әсем жиһаздармен, тұрмыстық техникасымен, интерактивті тақтамен қамтамасыз етілген және интернет жүйесіне қосылған.

2007 жылы «Балалық шақ - Друг детства» атты Республикалық Бірінші Ұлттық байқауға қатысып, «Айналайын» бөбекжайы Республикадағы үздік балабақшаның бірі деп танылып, дипломмен марапатталды. 2008 жылы «Айналайын» бөбекжайы Республикадағы үздік балабақшалардың бірі ретінде Алматы қаласында жарық көрген «Балалар - әлемнің ажары» атты кітапқа енді. 2008 жылы «Айналайын» бөбекжайы «Қазақстан-біздің ортақ үйіміз» атты қалалық шығармашылық байқауға қатысып, «көрермендер көзайымы» номинациясы бойынша дипломмен марапатталды. Бөбекжайда «Айналайын» атты қыздар волейбол, баскетбол командасы құрылып, түрлі жарыстарға қатысып, жүлделі орындар иеленді. «Айналайын» бөбекжайының тәрбиеленушілері түрлі тақырыптағы қалалық, облыстық республикалық байқауларға қатысып отырады.

Сонымен қатар бөбекжайдың тәрбиешілері мен тәрбиеленушілері республикалық және облыстық деңгейде өткізілген бірталай жарыстар мен байқауларға қатысып, жүлделі орын-дарды иеленген. Соның бір айғағы, 2014 жылы да Алматы қаласында өткен «Первые шаги» Республикалық байқауында хореография жанры бойынша бөбекжайының 12 тәрбиеленушісі татар халқының биін тамаша орындап 1-орынды иеленіп, алтын медальдармен оралды. Ал, соңғы қуантарлық жаңалық «Айналайын» бөбекжай

Балабақша өмірінен

еңбегін атап кеткен жөн.

Одан кейін Призерск қаласының әкімі Қайрат Амангелдіұлы Камзин сөз алып, бөбекжай ұжымын мерейтойлық мерекемен құттықтап, бөбекжайдың жас ұрпақты тәрбиелеуде атқарып отырған еңбегіне, қаламыздың саяси және қоғамдық өміріне белсенді атсалысып келе жатқандығына тоқталып өтіп, еңбекте жеміс тіледі.



Ресми бөлімнен кейін жиналған қонақтардың назарына бөбекжай ұжымы мен бүлдіршіндері дайындаған концерттік бағдарлама ұсынылды. Оның соңынан қала әкімі Қайрат амангелдіұлы мен шақырылған қонақтар бөбекжай ғимаратын аралап, бүлдіршіндердің бақшадағы өмірімен танысып шықты. Осы мерекелік сәттің куәсі болған біз де «Мақсатымыз жаңа буын, жас ұрпақ тәрбиесіне атсалысу, еліміздің келешегі үшін еңбек сіңіру» - деп жан-тәнімен еңбек етіп жатқан бөбекжай ұжымына сәттілік тілей тарқастық.

Б. Кенжебеков,

«Приозерский вестник» газетінің бас редакторы

Суреттерде: Бөбекжай өмірінен көріністер.

ҚАЛАМЫЗДАҒЫ «ЖІГІТТІҢ СҰЛТАНЫ» АНЫҚТАЛДЫ

18-қараша күні қаламыздағы Өнер және спорт мектебінің концерт залына көрермендерлік толды. Оның себебі де белгілі: әр жанкүйер жарысқа қатысатын өзінің «Ер азаматына» қолдау көрсету үшін келсе, басқа көрермендерге қызық керек, тамаша керек, көңіл көтеру керек. Ал басты мереке - қалалық Ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің ұйымдастыруымен Қазақ хандығының 550 жылдығына арналып өткізіліп отырған Қалалық «Жігіт сұлтаны» конкурсы. Конкурсты өткізудегі жалпы алға қойылған мақсат жеке тұлғалардың шығармашылық қабілетін дамытуға қолайлы ортаны және ұрпақтың жан-жақты дамуын қалыптастыру, патриоттық тәрбиені дамыту және болашақ мамандықты дұрыс тақдауға ықпал ету болды. Бұл мақсат конкурстың бағдарламасынан айқын көрініп тұр: Алғашқы кезең – «Сегіз қырлы, бір сырлы» тақырыбымен қатысушының өзін өзі таныстыруы; екінші кезең – «Осындай мамандық бар» тақырыбымен өз мамандығын қорғау; үшінші кезең – «Ерлік жасар едім» тақырыбындағы ұй тапсырмасы, яғни тетрландырылған музыкалық

көрініс қою; төртінші кезең – «Білімдар» тақырыбымен сұрақ-жауап турнирі. Сайыскерлердің сахналық мәдениетін, тақырыпты ашу қабілетін және артистік-вокалды қабілеті мен көріністердің көркемдігін бағамдап, әділ бағасын беру жюри мүшелері Ж.К.Кеңесовке, қалалық мемлекеттік мұрағат директорына, Б.А.Кенжебековке, «Приозерский вестник» газетінің бас редакторына, және Д.А.Шатқоғаға, қалалық Ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің қызметкеріне тапсырылды.

Сайыскерлер өздерінің көмекшілерінің көмегі пайдалана отырып, тақырыптарды өз мәңгерінде аша білуге және артистік қабілеттерін көрсетуге тырысып-ақ бақты. Әр қатысушының сайысқа жан-тәнімен дайындалғандығы көрініп, «мен мұнда лап» - тұрды. Сонда да, сайыстың аты сайыс, онда тек үздік шыққан ғана жеңіске жету керек.

Қазылар алқасының шешімімен «Жігіт сұлтаны» атағын қаламыздағы № 1 жалпы білімдік орта мектептің мұғалімі Өмірзақов Естай жеңіп алды. Екінші орынды және «Көсем жігіт» номи-

нациясын Қалалық жастармен жұмыс жөніндегі орталықтың қызметкері Рақыш Айдуман иеленді. Үшінші орынды және «Батыр жігіт» номинациясы бойынша жеңісті 60601 әскери бөлімінің әскери қызметшісі Тұрсынбаев Ербол иеленді. «Сері жігіт» номинациясы бойынша жүлде Гафаров Сүлейманға, ал «Шешен жігіт» номинациясы бойынша жүлде Баблышев Жармаханға бұйырды. Барлық сайыскерлерге Дипломдар мен алғыс хаттар табыс етіліп, бағалы сыйлықтар берілді.

Б. Алшынбекұлы



Сегіз қырлы, бір сырлы...



ТҮРҒЫНДАРДЫҢ НАЗАРЫНА

К СВЕДЕНИЮ НАСЕЛЕНИЯ

Приозерск қаласының әкімдігі жанындағы «Коммуналдық тұрғын үйлерді қайта қалыптастыру басқармасы» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорының директоры» азаматтық қызметші бос лауазымына конкурсе жариялау туралы (1- бірлік, № 15 дәреже)

«Коммуналдық тұрғын үйлерді қайта қалыптастыру басқармасы» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорының қызметінің мәні кәсіпорынның ішкі еңбек ережелері мен басқа да жергілікті нормативтік актілерге сәйкес Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының талаптарын орындау болып табылады.

Жалпы біліктілік талаптары:

15 дәреже үшін: Білімі – жоғарғы техникалық-экономист және мамандығы бойынша басшылық лауазымдарда 5 жылдан кем емес еңбек өтілі.

Table with 3 columns: Санаты, Қызмет өткерген жылдарына байланысты лауазымдық еңбек ақысы, 15 дәреже, Бес жылдан бастап, Жиырма жылдан жоғары, 110370

Функционалдық міндеттері: оның функционалдық міндеттеріне жатқызылған мәселелер бойынша жұмыстарды ұйымдастырады; ол халқының электр және жылу энергиясы бойынша қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін, қала жылу көздерінің, жылу желілері, электр желілері, тұрақты жұмысын қамтамасыз етуге байланысты қабылданған шешімдердің негізінде, жұмыстар кешенін жүзеге асырады.

Тікелей бюджеттік қаржыландырудың, коммуналдық қызмет үшін алымдар көздерінің, қажетті жұмыстардың көлемін анықтау негізінде қысқы жағдайлардағы жұмыс үшін дайындық бойынша іс-шаралардың атқарылуын және бақылауын қамтамасыз етеді.

Көлік және коммуникация құралдарының, магистральды жылу жүйелерін, жылу көздерінің қалыпты жұмыс істеуін қамтамасыз етеді.

Нарықтық экономикадағы техникалық даму және техникалық саясаты мен бағытын, қолданыстағы өндірісті қайта құру және жаңғырту жолын, болашақта мамандандыру және өндірісін әртараптандыру деңгейін анықтайды.

Жобалық шешімдерінің тиімділігін, Кәсіпорынның жылыту маусымына уақтылы және сапалы дайындалуын, жабдықтардың техникалық қолданылуын, жөндеу және жаңғыртуын қамтамасыз етеді;

Жабдықтардың жұмыс режимін және технологиялық жағдайларын анықтау үшін техникалық және экономикалық көрсеткіштеріне талдау жүргізеді, сондай-ақ энергия үнемдеу үшін жүргізілетін ұйымдастырушылық - техникалық іс-шаралар тиімділігін бағап іске асырады.

Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар:

білімі – жоғары кәсіби техникалық, экономикалық, мамандығы бойынша және сәйкес сала бойынша басшылық еңбек өтілі кемінде 5 жылдан кем болмауы тиіс, Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік тіл туралы» Заңдарын және осы санаттағы лауазымның функционалдық міндеттерін атқару үшін басқа да міндетті білімдердің болуы, мүмкіндігінше мемлекеттік тілді білу, компьютерде жұмыс істей білу.

Әңгімелесуге жіберілген үміткерлер, конкурсқа қатысуға жіберілген үміткерлердің «Приозерск қаласының тұрғын үй- коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдар және тұрғын үй инспекциясы бөлімі» мемлекеттік мекемесінде өтеді.

Конкурсқа қатысу үшін қажетті құжаттар:

- 1) конкурсқа қатысу туралы өтініш;
2) жеке куәлігінің көшірмесі;
3) кадр есебі бойынша толтырылған жеке парақ;
4) белгіленген тәртіппен расталған білімі туралы құжаттардың көшірмесі;
5) белгіленген тәртіппен расталған еңбек кітапшасының көшірмесі;
6) денсаулық жағдайы туралы белгіленген формадағы анықтама.

Конкурсқа қатысу өзінің біліміне, жұмыс тәжірибесіне, кәсіби деңгейіне қатысты қосымша ақпаратты (біліктілігін арттыру, ғылыми дәрежелер мен атақтар беру, ғылыми жарияланымдар, осының алдындағы жұмыс орнының басшылығынан кепілдеме және т.с.) беруіне болады.

Конкурсқа қатысу үшін қажетті құжаттар осы хабарландыру жергілікті «Приозерский Вестник» газетінде мемлекеттік және орыс тілдерінде жарияланған сәттен бастап, 15 күнтізбелік күннің ішінде сағат 18.00-ге дейін мына: 101100 Қарағанды облысы, Приозерск қаласы, Пушкин көшесі, 7 үй, № 17 қызмет бөлмелері, телефондар: 52857; 54719 мекен-жай бойынша құжат өткізу қажет. Анықтама телефоны: 5-28-57, 5-47-19. E-mail: Prio_gkh@krgh.gov.kz

Конкурс мемлекеттік кәсіпорындардың басшыларын тағайындау және аттестаттау Ережесіне сәйкес өткізіледі.

ОБЪЯВЛЕНИЕ о проведении конкурса на занятие вакантной должности гражданского служащего «директор Коммунального Государственного Предприятия «Управление жилищно-коммунального реформирования»» при акимата города Приозерск (1-единица, 15 разряд)

Деятельностью Коммунального Государственного Предприятия «Управление жилищно-коммунального реформирования» является реализация требований действующего законодательства Республики Казахстан согласно Правил внутреннего трудового распорядка и иных локальных нормативных актов предприятия.

Общие квалификационные требования:

для разряда 15: образование – высшее по специальности и стаж работы на руководящих должностях по соответствующему профилю не менее 5 лет.

Table with 3 columns: Категория, Должностной оклад в зависимости от выслуги лет, 15 разряд, от пяти лет, свыше 20 лет, 110370

Функциональные обязанности:

Организует работу по вопросам, входящим в его функциональные обязанности; осуществляет комплекс работ, связанных с обеспечением устойчивой работы теплоисточников, магистральных тепловых сетей, электрических сетей, удовлетворением потребности населения города в электрической и тепловой энергии, на основе принимаемых решений.

Обеспечивает разработку и контроль за выполнением мероприятий по подготовке к работе в зимних условиях на основе определения необходимых объемов работ, источников сборов платежей за коммунальные услуги, прямого бюджетного кредитования.

Обеспечивает организацию бесперебойной работы теплоисточников, магистральных тепловых сетей, транспорта и средств коммуникации.

Определяет техническую политику и направления технического развития предприятия в условиях рыночной экономики, пути реконструкции и технического перевооружения действующего производства, уровень специализации и диверсификации производства на перспективу.

Обеспечивает эффективность проектных решений, своевременную и качественную подготовку предприятия к отопительному сезону, техническую эксплуатацию, ремонт и модернизацию оборудования.

Осуществляет анализ технико-экономических показателей для оценки состояния технологического оборудования и режимов их работы, а так же эффективности проводимых организационно-технических мероприятий по энергосбережению.

Требования к участникам конкурса:

Образование - высшее техническое, финансово-экономическое, на должностях по соответствующему профилю не менее 5 лет, знание Конституции Республики Казахстан и законов РК «О государственном имуществе» и другие обязательные знания, необходимые для исполнения функциональных обязанностей по должностям данной категории, желательно знание государственного языка, навыки работы на компьютере.

Кандидаты, допущенные к собеседованию, проходят его в ГУ «Отдел жилищно-коммунального хозяйства, пассажирского транспорта, автомобильных дорог и жилищной инспекции города Приозерск» в течение пятнадцати календарных дней после утверждения списка лиц, допущенных к участию в конкурсе.

Необходимые документы:

- 1) заявление об участии в конкурсе с указанием перечня прилагаемых документов;
2) копия документа, удостоверяющего личность;
3) заполненный личный листок по учету кадров (с указанием адреса фактического места жительства и контактных телефонов);
4) копии документов об образовании в соответствии с предъявляемыми к должности квалификационными требованиями;
5) копия документа, подтверждающую трудовую деятельность.
6) справка о состоянии здоровья по форме.

Участник конкурса может предоставить дополнительную информацию, касающуюся его образования, опыта работы, профессионального уровня (копии документов о повышении квалификации, присвоении ученых степеней и званий, научных публикациях, рекомендации от руководства предыдущего места работы и т.п.).

Для участия в конкурсе необходимые документы должны быть представлены участниками конкурса в течение 15 календарных дней и до 18.00 часов последнего дня, с момента публикации данного объявления о проведении конкурса в местной газете «Приозерский Вестник» на государственном и русском языках.

Документы представляются по адресу: 101100 Карагандинская область, город Приозерск, ул. Пушкина, 7, каб. № 17, 18. Телефоны для справок: 52857, 54719. e-mail: Prio_gkh@krgh.gov.kz

Конкурс проводится на основе Правил поступления на гражданскую службу и проведения конкурса на занятие вакантной должности гражданского служащего.

“БАРЫС” РАЗГРОМИЛ “СПАРТАК” В МОСКВЕ

Первый период против московского "Спартака" получился для "Барыса" просто феноменальным. Наши игроки сделали то, чего от них не ожидали, наверное, даже их болельщики – забили две шайбы в ворота Евгения Иванникова и не пропустили сами.

Причем нельзя сказать, что точные броски Кевина Даллмэна и Вадима Краснослободцева стали результатом какой-то случайности. Гости добились того, чего очень сильно хотели, а значит шли в атаку и стреляли один за другим. Два раза точно попали

в цель, выстояли в обороне под натиском разозленного "Спартака" и окрыленные ушли на перерыв.

Вторая двадцатиминутка получилась невероятно сложной, поскольку хозяева льда под давлением трибун нужно было кровь из носу сравнивать счет. Они и шли вперед, пытались пробить великолепного Яна Лацо. Не получилось.

"Барыс" при этом не сидел в глухой обороне, а тоже атаковал. Одно из таких "нашестьи" и завершилось третьим взятием

Новости спорта



ворот Иванникова. Отличилось казахстанское трио – Роман Старченко, Максим Семёнов и Константин Романов.

Всё, на что сподобились хоккеисты "Спартака" до финальной сирены – одна забитая шайба в исполнении Александра Мерескина. Точнее, он её затолкал в ворота Лацо.

В заключительном периоде "Барыс" довёл счёт до разгромного. Подопечных Назарова даже не остановил результативный бросок Глеба Клименко – 5:2. Шестая победа подряд!

«АЛ, ҚАНЕКЕЙ, ТӘРБИЕШІЛЕР!» САЙЫСЫ

Балаларға сапалы білім мен саналы тәрбие беру мәселесінде ұстаздар мен тәрбиешілердің алатын орны ерекше. Сондықтан олардың біліктілігін кәсіби деңгейде арттырып отырумен қатар, тәрбиешілер арасында тәжірибе алмасу, пікірталастар, сайыстар мен байқаулар ұйымдастырып отырулық маңызы зор. Тәрбиешілердің кәсіби біліктіліктерін арттыру, шығармашылық қабілеттерін жетілдіру және теория мен тәжірибені ұштастыра отырып, кәсіптік күздіретіліктерін нығайту мақсатында осы жылдың 14-қарашасында «Еркетай» шағын орталығында «Ал, канекей, тәрбиешілер!» сайысы өтті. Сайысқа шағын орталығымыздың тәрбиешілері қатысып, екі топқа яғни, «Жұлдыз» және «Тұмар» тобы болып бөлінді. Сайыс 6 кезең бойынша өткізіліп, үміткерлер мынадай талаптарды орындаулары тиіс еді: «Ал, канекей, танысайық!», «Өнерлі өрге жүзер», «Ой қозғау» (сұрақ-жауап), «Туған тілім – тірлігімнің айғағы» (мақал-мәтел), «Таңғажайып әлем» және «Үй тап-сырма» бойынша қол өнерінен сынға түсу.

Сайысқа әділ баға беру үшін «Приозерск қаласының «Достық» балалар-жасөспірімдер шығармашылық орталығы» КМҚК директорының м.а.Светлана Борисовна Попченко, «Еркетай» шағын орталығының меңгерушісі Шолпан Амановна Медетбекова, «Еркетай» шағын орталығының шаруашылық меңгерушісі Клара Керуенбековна Абдишевдалар қазылық етті.

лым қойып, өз өнерлерін жан-жақты көрсетіп, көрермендерді таң қалдырды. «Ой қозғау» (сұрақ-жауап) кезеңінде топтар шарт бойынша ілінген шарларды көздеп атып, ішіндегі сұрақтарына жауап берді. Бұл тапсырмада өз мамандықтарына сәйкес бір сұрақ, бір ситуациялық сұрақ, бір жалпы сұрақ болды. Топтар әрбір сұраққа мұқият жауап беріп, өздерінің білімді де білікті маман екендерін көрсете білді. «Туған тілім-тірлігімнің айғағы» мақал-мәтел сайысында «Жұлдыз» тобы алдына жан салмады.

«Таңғажайып әлем» кезеңінде «Тұмар» тобы «Мақта қыз бен мысық» ертегісін жаңаша түрде



саханаласа, ал «Жұлдыз» тобы «Мақтаншақ қыз» ертегісін сахналап, көрермен көзайымына айналды. Үй тапсырмасына топтарға ұлттық нақышта қол өнер бұйымын жасап келу берілген болатын. «Жұлдыз» тобы ұлттық ыдыс түрі «Торық» жасаса, ал «Тұмар» тобы болса өздерінің атауларына сай тұмар жасап әкелді. Тәрбиешілер сайыс кезеңінің қортындысы дайын болғанша көрермендерді «Флэшмоб» биімен таң қалдырды. Сайыстың барлық кезең-дерінің қортындысы бойынша қазылыр алқасының шешімімен бірінші орынды «Жұлдыз» тобы иеленді. Ал, «Тұмар» тобы сайысқа қатысқаны үшін мақтау қағазымен марапатталды.

Осы іс-шара барысында тәрбиешілер өздерінің шығармашылық қырынан жан-жақты аша алды және білімді де, білікті маман екендерін көрсете білді. Сөз сңында осындай игі бастамалар мен маңызды іс-шаралар мектепке дейінгі мекемелер арасында қалалық деңгейде өткізілсе деген ұсынысымызды тиісті орындарға құлаққағыс еткім келеді.

М.ЕРІМБЕТОВА,
«Еркетай» шағын орталығының әдіскері



Топтар бірінші кезең бойынша өздерін жан-жақты таныстырып өтті. Сайыстың «Өнерлі өрге жүзер» кезеңінде «Жұлдыз» тобы «Каббой» биін билесе, «Тұмар» тобы «Үнді» фильмінен қойы-

ҚОС КҮЙШІНІҢ БІРГЕ ТҮСКЕН СУРЕТІ ТАБЫЛЫШТЫ

Өздері өмірден өтіп кетсе де, соңында күй өнерінде өз қолтанбаларын мәңгілік өлместей етіп қалдырған дәулесер күйшілер – Құрманғазы мен Тәттімбет екені даусыз. Ал, олардың өмірде кездескені жайында жазба деректерде айтылатын. Бірақ осы күнге дейін олардың бірге суретке түскені туралы ешкімнің сөз еткенін естімеген екенбіз. Жуықта баспасөз бетінде шертпе күйдің шебері Тәттімбет Қазанғапұлының Құрманғазы Сағырбайұлымен түскен көне суреті табылды, деп хабар берілгенін оқып, осы сүйінші жаңалықты Приозерск қаласының газет оқырмандарымен бөлісуді жөн көрдік. Тарихи жәдігер осы уақытқа дейін күйшінің Омбы қаласына қоныстанған санаулы ұрпақтарының бірінде сақталып келген. Бұл туралы Омбы қаласында тұратын күйшінің бесінші ұрпағы, 66 жастағы Молдабек Зікіршин айтыпты.

Тарихи сурет туралы Молдабек Зікіршин ұзақ уақыттан бері ешкімге айтпаған. Ол суретті атасы Зікірші өмірден өтер алдында аманаттап, әкесі Төремұратқа жоғалтып алмауын қатты тапсырған. Оның атасы Зікірші Қазанғапов 1948-жылы Семей қаласында сүзек сырқатымен өмірден өткен. Қазір бұл суретті елге жеткізіп, ұлттық музейге тапсыру үшін дәулескер күйшінің ұрпақтарымен келісім жүргізіліп жатыр. Суретте килы заманда қуғын көріп, Арқадағы Тәттімбет Қазанғапұлын сағалап келген Құрманғазы Сағырбайұлы бейнеленген. Көне суреттің түсірілгеніне бір жарым ғасырға жуық уақыт болса да, ұқыпты сақталыпты. Сонымен қатар, Молдабек Зікіршин Тәттімбет күйшінің Қарқаралы уезінің аға Сұлтаны Құнанбай Өскенбайұлына Кенесары Қасымұлына көмек беруге

атсалысу туралы 1849-жылы жазған тарихи хатын сақтап келіпті. Аға Сұлтанға жазылған қос парақ хат уезді билеген биге дер кезінде жетпей қалып, Тәттімбеттің өзіне қайтып келген. Төте жазумен жазылған көне хатта Кенесары ханға көмек көрсетуден бөлек, малдың жазғы жайылымының тарылып бара жатқандығы мен Қарқаралының төңірегіне орыстардың жаппай қоныстануына наразылық білдірген елдің мұны айтылған. Алдағы күнде бұл қос жәдігер елге жеткізіліп, Астанадағы ұлттық мұражайға жайғасады. Қазір еліміздің зиялы қауым өкілдерімен бірлесіп, қымбат қазынаны елге алдыру мәселесі туралы бейресми келіссөздер жүргізіліп жатыр. Себебі, мұндай қымбат қазынаны Омбы қаласындағы Орта Азия мұражайы сатып алуға ниет білдіріп отыр.

Осыдан 9 жыл бұрын Абылай хан мен Қазыбек бидің шапаны, сондай-ақ, Бөгенбай батырдың сынған семсер қылышы олардың ұрпақтарынан мемлекет иелегіне қабылданған еді. Ол уақытта мұндай игі іске қоғам қайраткерлері Мырзатай Жолдасбеков, Әбіш Кекілбаев сынды ел ағалары жұмылдырылғанын. Қазіргі таңда, аталған абыз ақсақалдардың алыс жолға шығуға денсаулығы сыр беруіне байланысты академик Тұрсын Жұртбай, ақын Жүрсін Ерман және айтыскер ақын Аманжол Әлтаев сынды елдің игі жақсылары жұмылдырылып отыр. Тәттімбет Қазанғапұлы – 1815-1862-жылдар аралығында Қарқаралы уезі, Түндікті болысында туып, сол жерде өмірден өткен. Қазақтың күйші-композиторы, домбырашы, шертпе күйдің шебері, орындаушылық мектебінің негізін қалаушылардың бірі, халық күй өнерінің классигі.

Нұрғали ҚЫДЫРМҰРАТҰЛЫ

ХАБАРЛАНДЫРУ

ОБЪЯВЛЕНИЯ

АВТОМОБИЛИ, АВТОЗАПЧАСТИ Продам

Mitsubishi Space Runner, 1992 г.в., Объем 1,8. Коробка механика. Есть запасная коробка. За 5,500 у.е. Торг уместен. Обращаться по телефону: 87054617098, 87788541589, 87051795301

блок-фара левая, б/у на Мазда- 626 (переходка)

Обращаться по телефону: 8707 204 02 60

НЕДВИЖИМОСТЬ Продам

Приватизированную 2-комн. квартиру (распашонка), частично меблированную, с телефоном, 2 этаж, сделан ремонт. Адрес: ул.Кисунько, 15/3-37, не угловая. Тел.8-747-259-52-59, 8-777-259-52-59

3-ком. квартира, 4 этаж, с ремонтом, по адресу: ул.Балхашская, д.2, кв.16. Цена договорная. Полная информация по телефону: 8 701 443 60 09

Приватизированную 2-комн. квартиру, с телефоном. Красивый вид на озеро с лоджии. Адрес: ул.Абая 17/3, 5 этаж, не угловая. Тел.8-701-481-44-11, 8-777-915-19-11

3-х комнатная квартира по адресу Б.Момышулы (Пирогова) д.3, кв.60. 6 этаж. Имеется 2 балкона, все окна пластиковые, квартира в хорошем состоянии, лифт работает. Цена договорная. Тел:8-701-481-47-98, 8-747-950-51-80, дом тел:5-52-40
Рассмотрим варианты!

УСЛУГИ

Натяжные потолки. Быстро, качественно. Мади. Тел. 87026988613

ПАРКМАХЕРСКАЯ «МИЛОЛИКА»

Предлагает услуги по мужской и женской стрижкам, укладке, по маникюру, наращиванию ногтей и педикюру.
Ждем Вас по адресу:
ул. Космонавтов, 5-107,
телефон: **5-50-81**
Время работы:
с 10.00 час. до 19.00час.
Выходной - Понедельник

На маникюр и педикюр запись по телефону: 8-778-854-18-33

К СВЕДЕНИЮ НАСЕЛЕНИЯ

30 ноября 2015 года в 15.00 часов в Акимате города Приозерск Карагандинской области, войсковой частью 03080 МО РФ проводится **общественное слушание** проекта «Плана мероприятий по охране окружающей среды войсковой части 03080 МО РФ на 2016-2025 годы».

За подробной информацией обращаться по телефонам: 8(71039)5-23-23, +7 777 680 98 70

Командование в/ч 03080 МО РФ

К СВЕДЕНИЮ АВТОМОБИЛИСТОВ!

ПОДОРОЖАЛ БЕНЗИН?

Попробуйте катализатор MPG-BOOST™.

Катализатор к различным видам топлива (бензин, дизельное топливо, газ), способствует экономии топлива (от 7 до 15%) и снижению количества вредных веществ в выхлопных газах (до 70%).

MPG-BOOST™ способствует:

- улучшению работы двигателя;
- снижению шумов;
- улучшению смазки клапанов;
- уменьшению углеродистых отложений и увеличению срока эксплуатации свечей;
- усовершенствованию увлажнения;
- снижению расхода топлива.

По вопросам приобретения обращаться по телефону:

+7 (702) 604-02-60

(возможно приобретение пробной дозировки)



Собственник: ИП Бухарбаева А.А.
Газета «Приозерский вестник» зарегистрирована в Министерстве связи и информации Республики Казахстан
Свидетельство о постановке на учет СМН № 15037-Г от 26.12.2014г.
Адрес редакции: 101100 г. Приозерск, ул. Космонавтов, 5-107.
Справки по тел. +7-705-981-86-79 (Гл. редактор), +7-702-604-02-60 (тех. редактор)
E-mail: prz_westnik@mail.ru **Веб-сайт:** www.prio-vestnik.kz
Газета отпечатана в ТОО «Арко» г. Караганда, ул. Сатпаева 15.
Заказ № 46/431 Тираж: 500 экз., объем- 1п.л., формат - А2, 4 стр.

Главный редактор: Кенжебеков Б.А.
Технический редактор: Струментов А.В.
Для подачи частных объявлений и рекламы обращаться по тел: +7-707-204-02-60
Корреспонденция принимается на электронный адрес: prz_westnik@mail.ru

Письма, рукописи, фотографии и рисунки не рецензируются и не возвращаются. Ответственность за точность приведенных фактов, статистических данных, собственных имен, географических названий и других данных несут авторы публикаций. Редакция не несет ответственности за содержание рекламных объявлений. Мнение авторов может не совпадать с мнением редакции. Перепечатка материалов без согласия редакции запрещена.

Газета распространяется в местах продажи газет и журналов (киоски печати, магазины, рынки), в редакции и частными распространителями в г.Приозерске и г.Караганда, а также по подписке во всех городах и районах области.
Подписной индекс - 65041